

Оптикалық шыныдан жасалған шыбықтарға қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу бажының мөлшерлемесін белгілеу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 5 мамырдағы № 39 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. ЕАЭО СЭҚ ТН 7002 20 100 0 кодымен сыныпталатын оптикалық шыныдан жасалған шыбықтарға қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу бажы (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) 2016 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда осы Шешім күшіне енген күннен бастап кедендік құнның 0 пайызы мөлшерінде белгіленсін.

2. Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) төртінші бағандағы ЕАЭД СЭҚ ТН 7002 20 100 0 коды бар позиция ескертпеге " 45С)" сілтемемен толықтырылсын;

б) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне ескертпе мынадай мазмұндағы 45С ескертпемен толықтырылсын:

"45С) кедендік құнның 0 (нөл) % мөлшеріндегі кедендік әкелу бажының мөлшерлемесі 2016 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 5 мамырдағы № 39 шешімі күшіне енген күннен бастап қолданылады.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

В. Христенко